

взаимодействии доминирующим оказывается прагматическое знание процедурного типа.

Знание языка представлено двумя типами – процедурным и декларативным. Поэтому и прагматика усвоения второго языка представлена системой декларативного и процедурного знания.

Декларативное знание представляет собой систему смыслов и систему правил их кодирования неродным языком. Оно является следствием органичной связи семантики и прагматики. Без системы смыслов невозможно решение коммуникативной или познавательной задачи. Система смыслов определяется как экстралингвистический тип знания и во втором языке школьников представлена, в основном, социальным и национально-культурным знанием. Правила кодирования смыслов включают в себя всю систему языкового знания: лексического, морфологического, синтаксического и прагматического. Они отнесены к интралингвистическому типу знания. Прагматическая составляющая этого типа знания представлена знанием: средств актуализации предложения в речи; средств выполнения той или иной иллокутивной функции; средств выражения прагматического фокуса текста; специальных приемов реализации речевого действия, принятых в определенных социальных группах.

Процедурные знания представлены знаниями процессов, которые обеспечивают овладение языком, а также процессов, благодаря которым осуществляется использование языка при продуцировании и восприятии речи. Процедурные знания в такой интерпретации носят ярко выраженный прагматический характер и являются базовыми для прагматики усвоения второго языка.

Таким образом, описание прагматической парадигмы в системе составляющих – прагматики речевого общения, прагматики текста и прагматики усвоения второго языка – была предпринята с целью определить место и роль прагматического знания в процессе овладения вторым языком в условиях доминирования языка титульной нации.

1. Выготский Л.С. Мышление и речь // Собрание сочинений в 6-ти томах. – М.: Педагогика, 1982. – Т. 2. Проблемы общей психологии. – 504 с.

2. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: УРСС. 2004. – 138 с.

3. Залевская А.А., Медведева И.Л. Психолингвистические проблемы учебного двуязычия. – Тверь, 2002. – 194 с.

\* \* \*

Бұл мақалада екінші тілді менгеру кезіндегі прагматикалық парадигманың моделі қаралады.

*Ф. Н. Рысбаева*

## ХАЛҚЫМЫЗДЫҢ ТӘРБИЕ ТУРАЛЫ АСА ҚҰНДЫ МӘДЕНИ ИГІЛІКТЕРІНІҢ БІРІ – ХАЛЫҚТЫҚ ОЙЫНДАР

Бүгінгі күннің жаңару бағыты бала тәрбиесінің арқауына ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүрді халықтың рухани игілігін пайдалану басты назарда болуы көзделініп отыр. Әр қазақ халқының азаматы ұлттық өмірге немқұрайлы қарамай жас ұрпақты қазақтың рухани, материалдық мәдениетін толық меңгерген, тарихын, әдет-ғұрып салт-сана, дәстүр, тәлім-тәрбие, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіріп, елін, жұртын сүйетін азамат болып өсуін қамтамасыз етуі тиіс.

Баланы дамытатын, өсіретін әрі тәрбиелейтін негізгі іс әрекеті-**ойын**. Ойын арқылы бала өзін қоршаған ортамен, табиғатпен, қоғамдық құбылыстармен, адамдармен олардың еңбектерімен танысады. Ұлы педагог В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, творчествосыз,

фантазиясыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды», - дейді.

Демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы баии түседі. Халқымыздың осындай тәрбие туралы және аса құнды мәдени игіліктерінің бірі - **халықтық ойындар**.

Халықтық ойындар халық педагогикасының құрамды бөлігі деп тегін айтылмайды. Себебі олар арқылы жас ұрпақты өз халқының салт-дәстүрлерімен де, әдет-қылықтарымен де, тілімен, мәдениетімен, өнерімен психологиялық ерекшеліктерімен таныстыруға болады. Ойынға қарайтын болсақ, одан мәнді мағыналы көп істерді көруге болады.

Мысалы: көне мәдениет пен әдеби туындылар, шығармалар ойын-той үстінде ойын

ретінде пайда болған. Бүгінгі ұрпақ ойындарының өзі адам еңбегінің жемісі, оның дүниені танып білуге деген ұмтылысы, әлеуметтік-экономикалық өмірінің айнасы екенін білуі тиіс. Қазақ халқының ойындары өте ерте туып, оның көшіп-қонған өмірінен түсінік бергендей әсер қалдырады. Олай дейтін себебіміз ойындардың көпшілігі көшпелі тұрмысқа, салт жүріске лайықталып, арнайы материалдың әзірліксіз ойнала беретіндігінде. Халықтық ойындар осылайша атадан балаға, үлкеннен-кішіге мұра болып жалғасып, халықтық дәстүрлі шаруашылық мәдени, өнер тіршілігінің бейнесі болып қала берген. Сонымен қатар халықтық ойындар сол халықтың өзінің ішкі байланысының ғана емес, басқа халықтармен ұлтаралық қатынастарының негізін қалаған. Осы ойындар ғасырлар бойы қоғамдық тәрбиенің баға жетпес қызметін атқарған. Тарихтың көнелігіне қарамастан ойын үнемі жаңа, ол тот баспайтын, ескірмейтін нәрсе, өйткені күн сайын дүниеге келіп жататын сәбилердің қиялын қозғап, сезімдерін аялайтын, денеге қуат, жанға саулық беріп, рухани азық болатыны да осы ойын болып саналады. Бүгінгі таңда жеткіншек ұрпаққа гуманистік тәрбие беруде, олардың болашаққа деген нақты көзқарасын қалыптастыруда ұлттық ойындарды қолдануға жоғары баға беруге болады.

Сондықтан қазіргі кезде “балалар этнографиясы” сияқты ғылыми бағыттар қалыптасуда. Қазақ халқының ойындарының тарихы өте бай, ертеде ауыз екі туып, жалпы жұртқа ауыз екі тараған, көпшілік ойындарды күні бүгінге дейін сақтаған, халық арасында таралған. Негізгі тарихи деректерге сүйенсек қазақ халқының ұлттық ойындары жөніндегі деректер қағаз бетіне алғаш рет XIII ғасырда түскен. Оны алғаш рет зерттеп жинаушылардың бірі ретінде Италия елінің саяхатшысы Плано Карпини болды. XIII ғасырда Европа халқына Маңғол тарихын таныстыру мақсатымен саяхатқа шыққан П.Карпини Жетісу мен Тарбағатайды басып өткен кезде, осы өңірде мекендеген ру тайпаларының тұрмысы, әдеп-ғұрыптары, ойын-сауықтары жайлы көптеген этнографиялық материалдар жинаған.

Одан кейін деректерді біз итальяндық Марко Поланың австриялық С.Герберштейннің, итальяндық И.И.Новокамскийдің орыс саяхатшысы П.И.Рычковтың, орыс ғалымы П.С.Палстың, венгер зерттеушісі А.Вамберридің, неміс этнографы Р.Картуцканның, неміс ғалымы А.Гумбольдтың поляк халқының өкілдері А.Янушкевич, С.Гросс, Б.Зеленскийдің тағы басқа жазбаларынан кездестіреміз.

Одан кейінгі кезеңде қазақ халқының бай этнографиялық материалдарын жинаған және оның ішінде ұлттық ойынның тәрбиелік маңызы туралы пікір айтқандар К.А.Покровский, А.И.Ивановский, Н.И.Гродеков, Е.А.Алекторов, Ә.Диваев, А.Левшин, Н.Пантусов, Ф.Лазеревский, П.П.Пашин, Е.Букин, О.Әлжанов тағы басқалары болды /1/.

Қазақтың ұлттық ойындары туралы алғашқы пікір айтушылар мен жеке нұсқауларын жинақтаушылардың қай-қайсысы болмасын, оны жоғары бағалап, көшпелі халықтан мұндай өрелі өнерді күтпегендіктерін сөз етеді. Осындай жылы лебіз, құнды пікір айтқан неміс ғалымы А.Гумбольдтың өзінің достарына жазған бір хатында былай дейді: “Мен қазақ аулында болған кезімде өмірімнің аса бір қуанышты кезеңі деп есептеймін. Себебі көшпелі халықтың біздерге көрсеткен сый-құрметі мен ойын-сауықтары естен кететін шаруа емес. Мен өмірімнің қысқа уақыт ішінде мұндай үлкен тарихтан осынша материал жинап көрген емес едім, бірақ бұл дүниенің ортасында болғандықтан да солай болуы керек” деген.

XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ даласын аралаған поляк халқының өкілі революциялық күреске қатысқаны үшін Сібірге жер аударылып келіп, қазақ даласына тап болған, өзінің саяхаттары туралы “Күнделіктер мен хаттар немесе қазақ даласына жасаған саяхат туралы жазбалар” деген кітаптың авторы А.Янушкевич естен кетпейтін естеліктер жазды.

Ол еңбегінде қазақ халқының тұрмысын әр қырынан суреттей отырып, олардың өнерінің, ойын-сауықтарының өзіне қатты ұнағанын айтады. Сонымен бірге Янушкевич халық өнерін жан-жақты сөз ете отырып, оның табиғатпен астасып, халық тұрмысымен, әдет-ғұрпымен, қоршаған ортамен байланысып жатқанын сөз етеді. Қазақ халқының фольклорын, ұлт ойындарын жинаушы этнограф Ә.Диваев өзінің “Қырғыз балаларының ойыны” деген еңбектерінде, оның бала тәрбиелеудегі маңызын айта келіп, сол кездегі қалыптасқан әдет-ғұрып бойынша жас ерекшелігіне қарай жасөспірімдерді негізінен үш топқа бөледі.

1. Бір жастан жетіге дейін - нәресте.
2. Жеті жастан он бес жасқа дейін – бозбала.
3. Он бестен отызға дейін – жігіт.

Осының негізінде қазақ ойындарын да сәбилер ойыны, бозбалалар ойыны және жігіттер ойыны деп негізінен үш топқа бөлінеді. Сонымен бірге Ә.Диваев ойыншықтар туралы айта келіп қазақтарда қыз балалар қолдан

жасайтын қуыршақ пен ер балалар саздан жасайтын аңдар түрлері ғана бар екенін айтады. Сонымен бірге ұлт ойындарының тарихы туралы мәліметтерді қарттардың аузынан да жинақталған. Олар ойындар түрлерін айта келе, олардың тәрбиелік мәнін түсіндіреді. Олар: Шығыс Қазақстанда тұратын Исенов Нүрке, Семейлік Қисықов Асқар, Төлеужанов, Омаровтар. С.Мұқанов “Өмір мектебі” атты мемуарлық еңбегінде “Орда” атты есеппен ойналатын асық ойыны болғанын бірнеше рет атап өтеді /2/. Осы ойын туралы деректер жинаған профессор К.К.Юдохин 1940 ж. Мәскеуден шыққан “Труды института востоковедения” жинағының 2 санында, бұл 5 санымен есептеудің ерекше жолы арқылы қолданылатын логикалық ойлауға арналған күрделі ойын деп көрсетеді. Сондай-ақ Б.Тотенаев “Қазақтың ұлт ойындары” деген кітабында “Абылайдың алты алаш” атты ойынды атап, ол ойын қазір ұмыт болған, бірақ мазмұны жағынан ол “Тоғыз құмалақ”, “Шахмат” ойыны сияқты деген деректер береді.

Жалпы ұлт ойындарының қалыптасуы кезеңі деп VII-IX ғ. кезеңдерді айтуға болады. Осылайша қазақтың ұлттық ойындары жөніндегі деректер басылым беттерінен жарық көріп, дамып отырған.

Сол секілді ұлттық, рухани, танымдық, тәрбиелік құндылық-тарымыз туралы белгілі тарихшылар, философтар, этнографтар, әдебиетшілер мен өнертанушылар (М.О.Әуезов, Ә.Марғұлан, А.Жұбанов, С.А.Қасқабасов, Н.С.Сәрсенбаев т.б) түрлі зерттеу объектілеріне қарай өзіндік тұжырымды терең пікірлер білдірді. Ұлттық ойындарды ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы түрлі тарихи кезеңдерге көптеген педагог, психологтар зерттеулер жүргізіп, жан-жақты пікірлер айтты. Тұлғаның қалыптасуын-

дағы ұлттық ойындардың рөлі И.Г.Песталоцци, Р.Оуэн, Ф.Фребель, К.Д.Ушинский, Н.К.Крупская т.б. еңбектерінде сөз етілсе, ойын теориясы мен практикасын жасауда белгілі психологтар Л.С.Выгодский, П.Я.Галперин, А.Н.Леонтьев т.б зор үлес қосты /3/. Ал қазақтың халық ойындарының тәрбиелеу рөлі мен педагогикалық мүмкіндіктері ағартушылар (Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев) т.б идеяларынан бастау алып, XX ғасырдың екінші жартысында зерттеушілер-педагогтар (М.Танкеев, Т.Бекбатчаев, М.Тұрскельдина, Е.Сағындықұлы, А.Айтбаева және т.б) еңбектерінде арнайы сан алуан қырынан қарастырылды /4/. Қай халықтың өмірінде де ұжымдық жүйеде тәрбиеленетін бала тірлігінде ойынның мазмұны бай, тақырыбы әр алуан кең болатыны белгілі. Оған тиісті педагогикалық, психологиялық бағыт-бағдар дұрыс беріліп, ол мақсатты түрде жүйелі ұйымдастырылды.

Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше зерделейді. Сөйтіп, өзінің өмірден байқағандарын іске асырып, қоршаған адамдардың іс-әрекетіне еліктейді. Соның нәтижесінде өзі көрген жағдайларды отбасылық тұрмыс пен қызмет түрлерін жаңғыртады. Мәселен, қазақтың ұлттық ойындары: «Бәйге», «Көкпар», «Алтын сақа», «Хан талапай», «Қыз қуу», «Тоғызқұмалақ» т.б. балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады.

1. Диваев Ә. Тарту/Құраст. Ф.Оразаева. – Алматы: Ана тілі, 1992 - 25 бб.

2. Ұзақбаева С.А. Халықтық педагогикадағы эстетикалық тәрбие. – Алматы, 1993.

3. Тойлыбаев Б.А. Бастауыш мектеп оқушыларына дене тәрбиесін беруде халықтық педагогика элементтерін пайдалану: - Алматы, 1995.

4. Крупская Н.К. Таңдамалы педагогикалық шығармалар.- Алматы, 1961.

*С. С. Сейтенова*

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ ЖІКТЕМЕСІ

Қазіргі кезде бүкіл әлемде жүргізіліп жатқан ізгілендіру үрдістері қоғамның білім беру мекемелеріне қойлатын жаңа талаптарды анықтауда. Техникалық прогресс пен ғылыми ақпарат көлемінің ұлғая түсуі, мектептегі білім беру мазмұнын қайта құру және оқу-тәрбие орындарының іс-әрекет қағидаларын қайта қарау –

мұның бәрі мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен тұлғасына, бүкіл педагогикалық үрдістің тұлғалық бағдарлануына қойлатын талаптардың сөзсіз арта түсуіне алып келеді. Бүгінгі таңда мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін жаңа педагогикалық технологияларын пайдаланудың тиімділігін практиканың өзі дәлелдеп отыр.